



ҮЗДІК КЕЙСТЕР ЖИНАҒЫ

«BIRGEMIZ:SAÝLYQ»
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ
ЖОБАСЫ АЯСЫНДА



@birgemiz.saulыq



qazvolunteer.kz



#birgemizsaulыq2023



CISC
Civil Initiatives Support Center



SAÝLYQ
birgemiz



Qazaqstan
Medisina
Jastary

2023 жылы денсаулық сақтау саласына волонтерлерді тарту, науқастарды күтуге, оның ішінде хоспистерде, онкологиялық диспансерлерде және т.б. көмек көрсету бойынша «Birgemiz:Saýlyq» жалпыұлттық жобасын іске асыру кезінде 30 шағын грант еліміздің 3 республикалық маңызы бар қалалар мен 11 облысында волонтерлік бастамаларды қолдау мақсатында жүзеге асты.

Шағын гранттарды жүзеге асырған 6 үкіметтік емес ұйым мен 24 волонтерлік бастамашыл топтар жалпы саны 1000-нан аса волонтерлерді қамтып, 3000-ға жуық адамдарға әлеуметтік, медициналық, заңгерлік көмектер көрсетті. Солардың ішінде 6 жоба ауылдық жерлерде жүзеге асты.

Сіздердің назарларыңызға шағын гранттардың ішінде үздік деп танылған кейстерді ұсынамыз.



УДК 616

ББК 51

В40

ISBN 978-601-305-502-2

«Шақалаққа өмір» жобасы

Жоба жетекшісі: Валихан Арайлым Валиханқызы.

Аймақ: Жамбыл облысы, Тараз қаласы.


Мақсаты: Қолөнерге үйретілген қыздардың арнайы тоқыған бұйымдарын шақалақтарға сыйға тарту.

Волонтерлер саны: 15 волонтер.


Бенефициар саны: 30 мерзімінен туылған балалар.



Уақытынан ерте дүниеге келген шалақайларды ертеректе тұмаққа немесе киізге орап жатқызған. Қазіргі уақытта медициналық мекемелерде балаларға арналған тоқылған киімді шалақай балаға кигізеді. Ол баланың денесін тітіркендіру арқылы, қан айналымын жақсартып, тез өсіп жетілуіне көмек береді.



Тараз қаласының жоғары оқу орындары, арнайы орта білім беру мекемелері мен мектептерінен білім алушылар жобаға қызығушылық танытып, тігу және тоқу қолөнеріне үйренді. Сонымен қатар жобада волонтер болып инклюзивті білім алатын студенттер де қатысты. Яғни, тек қана мерзімінен ерте туған балаларға киім тоқу ғана емес, ерекше қажеттілігі бар адамдарға қол моторикасын дамытуға өте жақсы мүмкіндік болды. Болашақта олар, сол істі өздерінің кәсіптеріне айналдыруға болады.



Жоба аясында тігілген бұйымдар аймақтағы мамандандырылған балалар үйлері мен перинаталды орталыққа сыйға тартылды. Олар өз тарапынан ұйымдастырушыларға зор алғыстарын білдіріп, волонтерлердің шақалақ балаларға бөлінген көңілі үшін ризашылықтарын жеткізді.

«Қамқор» гигиеналық материалдан жасалған көрпеше жобасы


Жоба жетекшісі: Жылкыбаева Амина Артыккалықызы.

Аймақ: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы.


Мақсаты: Мүмкіндігі шектеулі жандарға арнайы көрпешелер жасап, сыйға тарту.

Волонтерлер саны: 7 волонтер.


Бенефициар саны: 60 мүмкіндігі шектеулі жандар



Қазіргі таңда арнайы күтімді қажет ететін адамдарда ойылу ауруы өте жиі кездеседі. Сүйектер мен қатты бет арасында жұмсақ тіндердің ұзақ басылып қалу салдарынан қан және лимфа ағыны бұзылады және тіндер біртіндеп жансыздана бастайды. Мұндай адамдар, өмірінің көп бөлігін қол арбада өткізеді және соның кесірінен ойылу ауруы дамиды. Төсектерге арналған арнайы матрастар болса, мүгедектерге арбада да ойылудың алдын алатын арнайы көрпешелер болады.



Аталған мәселені шешу мақсатында арнайы өлшеммен, гигиеналық мақта-матадан жасалған, ішінде шикі тары мен қарақұмығы бар көрпешелерді «Жүректен жүрекке» еріктілер тобының волонтерлері жасады. Көрпешелер табиғи таза өнім болып саналады, қозғалып кетпеу үшін арнайы кнопкамен жасалған белдіктер тігіледі. Осындай көрпешелерге мұқтаж мүмкіндігі шектеулі жандардың тізімін жасақтап, олармен байланыс орнатуда «Алаш» мүгедектер қоғамдық бірлестігінің еңбегі өте зор. Жоба барысында, олармен бірге ынтымақтастық орнатылып, бірлескен қызмет атқарылды.



Нәтижесінде, Ақтөбе қаласында тұратын 60 мүмкіндігі шектеулі жандарға арнайы көрпешелер табысталды. Көрпешелер мүгедектердің ағзасына келесідей оң нәтижесін тигізеді:

- Тыныс алуды жақсартқанның есебінен, терлеу туындамайды.
- Мүшелердегі қан айналымды жақсартады.

Жобаға демеушілер табылып, әрі қарай өңірде жалғастырып, мүмкіндігі шектеулі жандарға көрпешелер тігуді жалғастыру жоспарда бар.

«Аға буынға қамқорлық» жобасы

Жоба жетекшісі: Керімбай Сапарбай Серікбайұлы – «Панорама» ақпараттық орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы.


Аймақ: Жамбыл облысы, Тараз қаласы.

Мақсаты: Жалғыз басты зейнеткерлер, қарттар үйіндегі қариялар медициналық және әлеуметтік көмек көрсету.

Волонтерлер саны: 70 волонтер.

Бенефициар саны: 100 қарт адам.

Әлеуметтік жобаның ерекшелігін ескере отырып, волонтерлер ең алдымен арнайы оқытудан өткізілді. Қарт адамдарға медициналық көмек көрсетудің негіздері, олардың денсаулық жағдайын бағалау қағидалары, уақытылы әрекет ету бойынша тәжірбиелік және теориялық семинарлар ұйымдастырылды. Алғашқы медициналық көмек көрсету дағдылары: жүрек-өкпелік реанимация, қан кетуді тоқтату және жараны өңдеу арнайы манекендерде үйретілді. Тренингтерді өткізуге қолдау көрсеткен «Садыхан» емханасының дәрігерлері мен мамандары.



Дулати университетінің психологы қарияларға психологиялық көмек көрсетудің ерекшеліктері, коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру, эмоциялық қолдау көрсету туралы кеңестерді еріктілерге арнап ұйымдастырды.

«Жамбыл еріктілер қозғалысы» волонтерлік ұйымы, «Қазақстан студенттері альянсы» Жамбыл облыстық филиалы белсенділерімен бірге қарттар үйіндегі қарияларды медициналық тексеруден өткізіп, денсаулық жағдайларын бақылауға алды. Еріктілер жалғыз басты қарт адамдардың үйлеріне барып, артериялық қан қысымы, жүректің соғу жиілігі, менталды денсаулықтың жағдайын бағалап, медициналық көмек көрсетті.



Қарттар үйіндегі ардагерлерге дұрыс және диеталық тамақтану арқылы денсаулық жағдайын жақсарту бойынша лекциялар оқылды. Жобаны жүзеге асыру бойынша әлеуметтік желілерде 20-дан аса жарияланымдар шықты.

«Жүректерді қорғау» жобасы

Жоба жетекшісі: Жұмасат Шұғыла Бисенбекқызы

Аймақ: Астана қаласы.


Мақсаты: Денсаулықты қорғау және жүрек-қан тамырлар аурулары мәселелерінде сауаттылықты жоғарлату.

Волонтерлер саны: 100 волонтер.

Бенефициар саны: 250 адам.




Жобаны жүзеге асыру мақсатында «жүрек-қан тамырлар жүйесі ауруларының алдын алу» тақырыбында волонтерлермен таныстыру жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда, жүрек аурулары кезінде көрсететін алғашқы көмек, қан қысымын өлшеу әдістемесі, миокард инфарктісі тақырыптары ашық айтылды. Нәтижесінде волонтерлер қан қысым өлшеудің толық механизмін меңгерді.





Қала тұрғындары арасында ақпараттандыру мақсатында буклеттер таратылды. Арнайы халық көп шоғырланатын орталық базарда қала тұрғындары арасында профилактикалық іс-шаралар жүргізіліп, волонтер артериялық қан қысымын өлшеу жұмыстарын жүргізді.



«Қайырымдылық қолы» жобасы

Жоба жетекшісі: Ларькова Анна Орестовна.

Аймақ: Қостанай облысы, Қостанай қаласы.

Мақсаты: Ауыр халдегі науқастарға күтім жасау және материалдық көмек көрсету,

Волонтерлер саны: 8 волонтер.

Бенефициар саны: 30 науқас.



Қостанай жоғарғы медициналық колледжінің волонтерлері Қостанай қалалық ауруханасының медициналық қызметкерлеріне жәрдемдесіп, науқастарына күтім жасауға көмектесті. Өмірлік қиын жағдайға душар болған, туысқандарының қарауынсыз қалған науқастарға қол ұшың созды. Волонтерлер оларға күтім жасап, қолдау, қамқорлық және махаббат танытты.



Жоба аясында, аурухананың паллиативті науқастарына жеке бас гигиенасына арналған медициналық бұйымдарды тапсырды. Мысалы: бұл жаялық, ойылуға қарсы матрастар, денеге арналған арнайы қорғаныс лосьондары мен кремдер. Бұл заттар науқастарға өте керек болады және пайдасын тигізеді.



Жобаны жүзеге асыру барысында, Қостанай қалалық ауруханасының науқастары волонтерлерден медициналық, әлеуметтік, психологиялық көмек алды. Науқастар өздерін қажет деп санап, махаббат пен шынайы көңілге бөленді. Мейірбикелер де өз тараптарына көмек алды, яғни волонтерлер аса ауыр науқастарға күтім жасап, өздеріне баға жетпес тәжірибе жинап, өздерінің болашақ потенциалдарын көрсетті.



«Инсульт үкім емес» жобасы


Жоба жетекшісі: Дементиевская Наталья Викторовна.

Аймақ: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы.

Мақсаты: Науқастардағы геморрагиялық инсульттан кейін қалпына келтірудің ерте басталуына көмек көрсету.

Волонтерлер саны: 25 волонтер.

Бенефициар саны: 42 науқас және 20 науқастың туысқандары.



Инсульт – елімізде науқастарда жиі кездесетін әлеуметтік маңызы бар аурулардың қатарына жатады. Науқастар бұл аурумен ауырғаннан кейін, қайта қалпына келу жұмыстары өте ұзақ және баяу жүреді. Реабилитациялық көмек көрсетуге арнайы волонтерлер тартылып, жоба жүзеге асты. Ақтөбе облыстық жедел медициналық көмек көрсету ауруханасында ем қабылдап жатқан науқастарға тамақ ішу, өз-өзіңе күтім жасау, жуыну және киіну дағдыларын қалпына келтіру бойынша жүйелі оқыту жұмыстары жүргізілді.



Науқастардың физикалық жағдайын жақсарту, ауру сезімін басу, қимыл-қозғалысын қалпына келтіру, өмір сүру жағдайын жақсарту үшін кинезотерапия, емдік гимнастика жасалынды. Когнитивті қызметтерді қалпына келтіру мақсатында есте сақтау, зейінді арттыру, логикалық ойлау бағытында жаттығулар мен ойындар ұйымдастырылды.

Жүру және арнайы арбашада қозғалысты үйрену үшін арнайы бағдарлама бойынша жаттығу жұмыстары жүргізілді. Ол дағдылар арқылы бұлшықеттердің тонусы қалпына келіп, икемділігі жоғарлай түсті. Қоршаған ортамен, адамдармен қарым-қатынасты жақсарту мақсатында тренингтер, ойындар және тәжірбиелік жаттығулар жасалынды.



Ауруханадан шыққаннан кейін науқастарға күтім көрсету бойынша қызмет туысқандарға тапсырылады. Оларға да арнайы семинарлар ұйымдастырылды. Ол жерде дұрыс тамақтану және жеке бас гигиенасы, тері және дене күтімі, уақытылы жаттығуларды өткізу мен дәрі-дәрмектерді беру бойынша үйрету жұмыстары жүргізілді.

Инсульттан кейінгі науқастарды кешенді түрде қалпына келтіру бойынша жұмысқа волонтерлерден бөлек, дәрігер-невролог, массаж маманы, кинезиотерапевт қатысты.

«Стомасы бар науқастарға күтім» жобасы

Жоба жетекшісі: Тлеулесова Венера Исмайловна.

Аймақ: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы.

Мақсаты: Науқастардың өздерін және туысқандарын стомаға және оның айналысындағы теріге қалай күтім жасау, нәжіс қабылдағышты қалай орнату керектігі туралы үйрету.

Волонтерлер саны: 15 волонтер.

Бенефициар саны: 7 науқас.



Маншүк Маметова атындағы Ақтөбе жоғарғы медициналық колледжінің волонтерлері симуляциялық орталықта арнайы манекендерде стомасы бар науқастарға күтім жасау бойынша тәжірбиелік дағдылардан өтті. Сонымен қатар, стома және нәжіс қабылдағыш бойынша теориялық білімдерін шындады.





Науқастардың өздерін және жақындарын стомаға және оның айналысындағы теріге қалай күтім жасау, дұрыс тамақтану қағидаларын волонтерлер үйретті. Стомасы бар науқастардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін қажетті құралдар: нәжіс және несеп қабылдағыштар, паста-герметик, абсорбциялаушы ұнтақ, иісті бейтараптандырғыш, арнайы кремдер, адгезивті шешуге арналған сұйықтықтар және басқа да аксессуарлар табысталды. Аталған заттар Ақтөбе қаласының № 3 емханасының науқастарына сыйға берілді.



«Өмірге құштар» жобасы

Жоба жетекшісі: Суингариева Айдана Бердешевна.

Аймақ: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы.

Мақсаты: Мүгедектігі бар жандарға тігін, тоқыма курстарын ұйымдастыру

Волонтерлер саны: 15 волонтер.

Бенефициар саны: 30 мүмкіндігі шектеулі жандар.



Мүгедектігі бар жандарды қолдау өте маңызды әлеуметтік істердің бірі. Волонтерлер ұйымдастырған тегін курстар, оқытулар ұйымдастыру арқылы мүмкіндігі шектеулі жандарды қоғамға бейімдеу жұмыстары жүргізілді. Көп жағдайда олар қоғамнан оқшауланып, адамдар көп шоғырланған жерлерге бара алмайды. Осы орайда, мүгедектігі бар адамдардың қабілеттерін шыңдап, бос уақыттарын тиімді пайдалану үшін тоқыма, тігін курстары ұйымдастырылды.



Тоқу, тігін өнері - қазақ халқының ежелден келе жатқан өнері. Тоқымамен, тігінмен айналасқанда адам жеке басына аса қажет нәрсені жасау үшін ғана емес, осы тоқу, тігу үстіндегі түрлі түсті бояулар әлемнің үйлесімділігін, алуан түрлі сән үлгілерін таңдап, түрлі тоқу, тігу әдістерін меңгеру адамның талғамын, шеберлігін, ой - өрісін жетілдіріп, көркемділікті сезіну қабілетін дамытады.



Жоба нәтижесінде мүмкіндігі шектеулі жандарға волонтерлар тарапынан түрлі тегін курстар ұйымдастырылып, жаңа қабілеттерін ашып, одан әрі дамытуға септігін тигізді. Осы курстардан білім алған адамдар алдағы уақытта өз қолдарынан шыққан «дүниелерді» сатып, пайда көзіне айналдыра алады.



«Көз жанары» жобасы

Жоба жетекшісі: Намелбек Азамат Намелбекұлы.

Аймақ: Жамбыл облысы, Тараз қаласы.

Мақсаты: Көз күтімі бойынша ақпараттандыру жұмыстарын жүргізу және мұқтаж отбасыларға көзілдіріктер тарату.

Волонтерлер саны: 20 волонтер.

Бенефициар саны: 20 адам.



Көз дәрігерлері соңғы уақытта балалар арасында көз ауруларының көбейіп бара жатқандығын айтып дабыл қағуда. Бұл келеңсіздіктің жылдан-жылға артуына біріншіден ата-ананың өз баласының денсаулығына жауапкершілікпен қарамауы себеп болуда. Қазіргі таңда өте жиі балалар компьютерде ойындар ойнайды, ұялы телефон, планшетпен сағаттап отыратыны жасырын емес.





Күні-түні телефонға, теледидарға, компьютерге үнілген баланың көзі тек жақыннан жақсы көруге қалыптасады. Нәтижесінде алыстан көрмеушілік дерті пайда бола бастайды. Осы жағдайлардың алдын алу үшін офлайн және онлайн форматта қала тұрғындарына көз күтімі бойынша тегін кеңестермен мен көзге арналған жаттығуларды үйрету жүргізілді. Сонымен қатар аз қамтылған отбасыларға «Estet Optic» дүкені көзге тегін диагностика жасап, жақсы сападағы көзілдіріктер табысталды.



«Мейірім шуағы» жобасы

Жоба жетекшісі: Бетжанов Айбар Жайлығұлұлы.

Аймақ: Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы.

Мақсаты: «Жансая» ауыр науқастарға мейірбикелік күтім клиникасындағы науқастарға әлеуметтік, медициналық, физикалық, психологиялық көмек көрсету.

Волонтерлер саны: 14 волонтер.

Бенефициар саны: 45 науқас.



Қарағанды қаласының медициналық университеті мен колледж волонтерлері өздерінің аймақтарында орналасқан «Жансая» ауыр науқастарға мейірбикелік күтім клиникасында 6 ай бойы тұрақты түрде волонтерлік көмектерін көрсетті. Бұл мекемеде терминалды сатыдағы қатерлі ісік және басқа да аурулары бар науқастар паллиативті медициналық көмек алады.



Волонтерлер ауыр науқастарға медициналық көмек: дәрі-дәрмектерін беру, жеке гигиеналық процедураларға жәрдемдесу, психологиялық кеңестер берілді, әлеуметтік көмек: жөргектер, тонометрлер, төсек жамылғылары сыйға тартылды, физикалық көмек: бөлмелердегі тазалық шараларын жасауға, уақытылы төсек-орындарды ауыстыруға үлкен жәрдемдерін тигізді.



Бұл жоба волонтерлерге тәжірбиелік, коммуникативтік дағдыларын және болашақ медицина қызметкерлерінің бойындағы адамгершілік, мейірімділік қасиеттерін дамытуға үлкен үлес қосты. Шағын гранттың арқасында волонтерлер арнайы футболкалар жасатты, науқастарға арналған мәдени іс-шаралар жасау үшін музыкалық орталық сатып алынды. Науқастар және клиника әкімшілігінің тарапынан көрсетілген көмектер үшін волонтерлерге алғыс айтылып, жобаның келесі жылы да өз жалғасын табатынына сенім білдірді.



«Бірге раққа қарсымыз» жобасы

Жоба жетекшісі: Давренов Улугбек Ергешбаевич

Аймақ: Алматы қаласы.

Мақсаты: Онкологиялық ауруға шалдыққан науқастарға паллиативтік көмек көрсету.

Волонтерлер саны: 33 волонтер.

Бенефициар саны: 70 науқас.



Алматы қаласы жоғарғы медициналық колледжінің волонтерлері Алматы қаласы көпбейінді клиникалық ауруханасының химиотерапия бөлімшесінің науқастарына көмектерін көрсетті. Волонтерлер паллиативті көмекке мұқтаж науқастармен тұрақты түрде жұмыс істеп, оларға психологиялық көмек көрсетіп, қолдау білдірді. Жараларды өңдеп, терінің ойылуына қарсы профилактикалық шаралар жасап, таңуға, дәрі-дәрмектерін беріп, тамақтандыруға, гигиеналық процедураларды орындауға және бөлмелерді жуып, тазалауға қолғабыс болды. Науқастарға әлеуметтік көмек түрінде гигиеналық заттар сатып алып, жәрдемдесті.





Арнайы психолог маманының қатысуымен волонтерлерге тренинг өткізіліп, ауыр халдегі науқастарға психологиялық көмек көрсетудің ерекшеліктері Науқастардың өздеріне және жақындарына үйде күтім жасау қағидалары оқытылды. Бұл жоба, волонтерлер үшін медицина саласындағы үлкен жетістігі, білімдерінің тәжірибе жүзінде жүзеге асуы, болашақ медицина мамандары ретіндегі жасаған алғашқы игі істері деп айтуға болады.



«Жастардың арасында ерте жүктіліктің профилактикасы» жобасы

Жоба жетекшісі: Усманова Шолпан Абдыфаритовна – «Серғали-Түркістан» ҚБ төрағасы.

Аймақ: Түркістан облысы.

Мақсаты: Түркістан облысының жастары арасында ерте жүктіліктің алдын алуы бойынша кешенді жұмыс атқару.

Волонтерлер саны: 15 волонтер.

Бенефициар саны: 150 адам.



Түркістан облысының Қазығұрт ауданының «Болашақ» мектеп-гимназиясы, Сайрам ауданының «Гуманитарлық-агроэкономикалық колледж», Төле Би ауданының «Ш.Уалиханов атындағы № 2» мектептің 14 пен 22 жас аралығындағы білім алушыларының арасында дәрігер-гинекологтың қатысуымен дәрістер мен тренингтер өткізілді. Волонтерлер 500-ден аса «Отбасыны жоспарлау» тақырыбында ақпараттық-танымдық таратпа қағаздарын, кітапшаларын тапсырды.



Дәрігер-гинекологтар мен психологтардың қатысуымен офлайн және онлайн форматында арнайы кеңестер беріліп, репродуктивті денсаулық, жеке бас гигиенасы, гормональды өзгерістер, жыныстық жолмен берілетін жұқпалы аурулар тақырыбында ақпараттандыру жұмыстарын жүргізді.



Облыс тұрғындарының медициналық сауаттылығын жоғарлату мақсатында, маңызды тақырыптарға арналған инфографикалар жасалынды.



«Шектеусіз әлем» жобасы

Жоба жетекшісі: Акбасова Шимбат Серкебаевна.

**Аймақ: Қостанай облысы, Қамысты ауданы,
Жайылма ауылы.**

**Мақсаты: Қостанай темір жол ауруханасы
жанындағы оңалту орталығының науқас
балаларына күтім жасауға көмек көрсету**

Волонтерлер саны: 10 волонтер.

Бенефициар саны: 40 адам.



Психоневрологиялық және ортопедиялық патологиясы бар балаларға (церебральды сал ауруы, аутизм, Даун синдромы, орталық жүйке жүйесінің туа біткен патологиясы, тірек-қимыл жүйесінің туа біткен патологиясы, сколиоз, жарақаттан кейінгі жағдайлар) көмек көрсету бойынша волонтерлер арнайы семинар-тренингтерден өтті.



«Қамысты ауданы әкімдігі» білім бөлімінің «Жайылма негізгі орта мектебі» жанынан «JAILMA» этно-лагері киіз үйлерде ұлттық нақышта жұмыс істейді. Лагерьде демалған балалар киіз үйлерде тұрды, қазақ халқының өмірімен және тұрмысымен танысты. Олар ұлттық тағамдарды ішті, қазақтардың сәндік-қолданбалы шығармашылығымен айналысты, атқа мінуді үйренді, ұлттық ойындар ойнайды.



«Жайылма» бастамашыл тобы құрған «Көмек» еріктілер жасағы тірек-қимыл аппараты бұзылған балалар мен аутисттер оңалтудан өтетін Қостанай темір жол ауруханасы жанындағы оңалту орталығымен тығыз жұмыс істеді. Жасақ еріктілері оңалту орталығына барып, шығармашылық және ойын-сауық іс-шараларын өткізді. Осы мақсатта оңалту орталығының науқастары оңалту жүргізетін мамандармен бірге этно-лагерьге 5 күнге арнайы шақырылды.

Қазақ халқының дәстүрлерінің театрландырылған қойылымдарын өткізу, ұлттық ойындар өткізу, шығармашылық шеберхана жұмысы, ұлттық тағамдармен танысу және атпен жүру ұйымдастырылды.

«Мейірімді ойыншықтар» жобасы

Жоба жетекшісі: Баранкова Ирина Ивановна.

Аймақ: Қостанай облысы, Рудный қаласы.

Мақсаты: Рудный қаласында дүниеге келген шақалақ нәрестелерге, әртүрлі әлеуметтік ұйымдардың балаларына жібек матадан тоқылған киімдер мен заттармен көмек көрсету.

Волонтерлер саны: 15 волонтер.

Бенефициар саны: 205 адам.



Рудный қаласының 28 ілмек клубының волонтерлері шала туылған балалар мен әлеуметтік мекемелердің бүлдіршіндеріне көмектерін көрсетті. Жоба барысында тәжірибелі волонтерлер жаңада қосылған волонтерлерге нәрестелерге арналған заттарды тоқуды үйретіп, бірлескен түрде міндеттерді орындауға кірісті. Шағын грантқа бөлінген қаражаттарға бұйымдарды жасауға арналған заттар сатып алынды.



Волонтерлер «Рудный қалалық перинаталды орталық», « № 12 балабақшасының арнайы тобы» және «Мерей Рудный аймақтық әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» мекемелеріне келесідей тоқылған заттарды сыйға тартты:

- 100% тоқыма матадан жасалған жиынтық – 25 дана.
- 100% мақтадан жасалған комфорттерлер – 40 дана.
- Саусақ қозғалтқыштары – 16 дана.
- Үйшік театры, жұбың тап ойыны, балық аулау ойыны, тауық – 4 дана.
- Гномдар – 9 дана.
- Дамыту элементтері – 95 дана.
- Қолғап театры – 32 дана.
- «Құрбақа» логопедиялық ойыны, «Жылан» ойыны, жүрек, күн – 4 дана.
- Смайликтар – 3 дана.
- Ұлттық нақыштағы қуыршақтар – 5 дана.
- Үйшіктер – 5 дана.
- Ойыншық маскалар – 22 дана.
- Тактильді баубақша – 95 дана.

Аталған мекемелер Рудный қаласының 28 ілмек клубының волонтерлеріне зор алғыстарын білдіріп, жұмыстарына сәттілік тіледі.



«Құқықтық көмек-барлығына қол жетімді» жобасы

Жоба жетекшісі: Жакаева Гульнара Базарбайқызы

Аймақ: Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы.


Мақсаты: Мүгедектігі бар, өз мүдделерін өз бетінше білдіруге қабілетсіз адамдар мен олардың отбасыларына, өмір сапасын жақсарту мақсатында ақпараттық-кеңестік және құқықтық көмек көрсету.

Волонтерлер саны: 5 волонтер.

Бенефициар саны: 58 мүгедектер.



Амбулаториялық ем қабылдайтын науқастарға, мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ олардың жақын ортасы мен отбасы мүшелері үшін көшпелі кеңестер үнемі өткізіліп тұрды. Құқықтық аспектілер бойынша тартылған заңгері Е. А. Маликов жүргізді, ал психологиялық кеңестерді психолог Д. М. Назарова жүргізді. «Теп Қоғам» мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік бейімдеу орталығында және Қарақия аудандық ауруханасында семинар өтті. Жоба бенефициарларының құқықтық ағартуына арналған «Мүгедек адамдардың құқықтарын қорғау» тақырыбындағы тренинг ұйымдастырылды.



Жоба аясында «Мүгедектігі бар адамдардың құқықтары» брошюрасы әзірленді, онда өзекті құқықтық мәселелер жинақталған, құқықтардың жиі бұзылуы, сондай-ақ мүгедектерге қызмет көрсететін мекемелердің байланыс нөмірлері бар. Ақпараттық-білім беру материалы 500 данада шығарылды, сонымен қатар жоба бенефициарлары арасында таратылды.



Сондай-ақ көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау үшін қанағаттану деңгейін өлшеу көрсетілетін қызметті алушылардан кері байланыс сауалнамасы жиналды. Жалпы 95% пайыз олар алған қызметтердің сапасына риза болды, бұл жобаны іске асырудың тиімділігін көрсетті.



CISC
Civil Initiatives Support Center



SAÝLYQ
birgemiz




Qazaqstan
Medisina
Jastary

**Шағын грант «Birgemiz:Saýlyq» жалпыұлттық жобасы аясында,
Республикалық деңгейд “Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы”
КЕАҚоның әлеуметтік гранты шеңберінде жүзеге асырылды.**

Алматы 2023

ISBN 978-601-305-502-2



9 786013 055022